



2026 ЖЫЛЫ ЖАЛҒЫЗБАСТЫ АНА
ҚАЛАЙ БАСПАНАЛЫ БОЛА АЛАДЫ?

2



«БӘРІНЕН ДЕ СЕН СҰЛУ»
ӘНІНІҢ АВТОРЫ КІМ?

6

№31 (771). 21 тамыз, 2026 жыл

Өзгені сынағанша, өзінді түзет!

ҚЫЗМЕТ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

www.kyzmet-gazeti.kz


Газет 2009 жылдың 19 маусымынан шыға бастады

Махамбет СӘТБАЕВ,
ұлттық садақ спортын насихаттаушы:

«БАЛА ШАҚТАҒЫ АРМАНЫМДЫ САТПАДЫМ»

Сайрам ауданы Ынтымақ ауылындағы №24 М.Махамжанов атындағы жалпы орта мектептің дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Махамбет Сәтбаев қырық жастан асқан шағында садақ спортының жанкүйері болып кететінін өзі де білмесе керек. Қолына алғаш садақ ұстаған сәтте оның бұл өнерге деген қызығушылығы оянып, ұлттық спортқа деген ерекше құштарлықты сезінді. Сол қызығушылық ауыл мектебінде жаңа үйірменің ашылуына сеп болып, қарапайым бастама үлкен жұмысқа ұласты. Бір ғана садақ пен бірнеше оқтан басталған шағын орта уақыт өте келе талай шәкірттің талабын шыңдап, биік белестерді бағындыруға жол ашты. Бүгінде Махамбет Сәтбаев баптаған шәкірттер халықаралық, республикалық жарыстарда топ жарып, ел абыройын асқақтатып жүр.

Жуырда сайрамдық спортшының өзі де Солтүстік Кипр Түрік Республикасында өткен дәстүрлі садақ атудан IV дүниежүзілік «Фетих» кубогы халықаралық турнирінде алтын медаль иеленді. Ол 30 метрлік қазақ жамбы нысанасы бойынша мергендік танытып, ел абыройын асқақтатты. Бұл – бір спортшының жетістігі ғана емес, қазақтың төл спортының халықаралық деңгейдегі беделін арттырған, еліміздің көк туын әлемдік додада желбіреткен тарихи жетістік.



«МЕН ОҚУШЫЛАРЫМ ҮШІН НЕ ІСТЕМЕДІМ?...»

– Махамбет аға, дәстүрлі садақ өнеріне қызығушылығыңыз қашан басталды?

– Мен садақ өнеріне 42 жаста келдім. Бұл спортқа келуіме себепші болған Жұмағазы Мұхамеджанов деген садақшы жігіт. Оны мен өзімнің ұстазым деп санаймын. Ол кісінің өзі ғана емес, ұлы да, қызы да садақшы. 2019 жылы сол үйге ойламаған жерден қонақ болып бардым. Ас ішіп болған соң келген қонақтарға садақтарын көрсетті. Арнайы садақ ататын орын дайындап та қойған екен. Сол жерде тұрып, садақты қолыма алып, нысананы

көздеген кезде керемет әсер алдым. Бұл спорт түріне деген қызығушылығым сол кезде оянды.

Содан ауылға келіп мектептегі жұмысымды істеп жүре бердім. Бірақ бүкіл ойым садақта. Бір күні ол кісіге хабарласып: «Ауыл мектебінде садақ үйірмесін ашсам бола ма? Қолымнан келе ме?» – деп едім, «Әрине, бұл қанымызға, сүйегімізге сіңген спорт қой. Ұлттық кодымызда бар дүние. Тек ниет болса болғаны. Бірақ садақ ату – шығыны көп, қымбат спорт түрі. Бастамаңа аз да болса үлесімді қосайын, саған көмегім болсын», – деп бір садақ пен бес оғын қоса сыйлады. Бұл кәдімгі олимпиадалық садақ болатын.

(Жалғасы 4-бетте).



2026 ЖЫЛЫ ЖАЛҒЫЗБАСТЫ АНА ҚАЛАЙ БАСПАНАЛЫ БОЛА АЛАДЫ?

Баланы жалғыз тәрбиелеп, сонымен қатар тұрғын үй мәселесін шешу оңай емес. Алайда Қазақстанда 2026 жылы толық емес отбасылар пайдалана алатын мемлекеттік қолдаудың бірнеше тетігі бар. Бұл ретте «жалғызбасты ана» мәртебесі автоматты түрде тегін пәтер беріледі немесе ипотека мақұлданады дегенді білдірмейді. Қолдау түрі отбасының табысына, тұрғын үйінің бар-жоғына, отбасы құрамына және нақты бағдарлама талаптарына байланысты.

Homsters.kz мәліметінше, бірінші кезекте тұрғын үйге мұқтаждар есебіне тұру мүмкіндігін тексеру қажет. Қазір тұрғын үй есебі орталықтандырылған электрондық жүйе арқылы жүргізіледі. Тұрғын үй кезегіне тұрудың өзі бірден пәтер беріледі деген сөз емес. Бұл – азаматқа мемлекеттік тұрғын үй қолдау шараларына қатысуға мүмкіндік беретін алғашқы қадам. Сондықтан баласын жалғыз тәрбиелеп отырған ана алдымен өзінің тұрғын үй жағдайын, отбасы құрамын және табысын ескеріп, қандай қолдау тетігіне сәйкес келетінін анықтағаны дұрыс.

ТОЛЫҚ ЕМЕС ОТБАСЫ ҚАНДАЙ ҚОЛДАУ АЛА АЛАДЫ?

Нұсқалардың бірі – мемлекеттік жалдамалы тұрғын үй. Мұндай баспана тұрғын үйге мұқтаж азаматтарға ұсынылады. Тұрғын үйді бөлу кезінде белгіленген әлеуметтік басымдықтар мен отбасының жағдайы ескеріледі.

Тағы бір мүмкіндік – жеке сектордағы жалдау ақысын субсидиялау. Бұл жағдайда мемлекет жалдау ақысының бір бөлігін өтеуге көмектеседі. Алайда бағдарламаға қатысу үшін белгіленген санатқа жату, тұрғын үйге мұқтаж ретінде есепте тұру және табыс бойынша талаптарға сәйкес болу қажет.

ЖЕҢІЛДЕТІЛГЕН ИПОТЕКАҒА ҚАТЫСУҒА БОЛА МА?

Толық емес отбасы тұрғын үй сатып алу үшін Отбасы банктің қолданыстағы бағдарламаларына қатыса алады. Бірақ жалғызбасты ана мәртебесінің болуы ипотеканың автоматты түрде мақұлданыуына негіз болмайды. Банк өтініш берушінің табысын, төлем қабілетін, бастапқы жарнасын және нақты бағдарламада белгіленген басқа талаптарды қарайды. Сондықтан ипотекаға өтініш бермес бұрын ай сайынғы табысты, несие төлемін өтеу мүмкіндігін және бастапқы жарна көлемін алдын ала есептеп алған жөн.

(Жалғасы 2-бетте).



«ҚЫЗМЕТ» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР. ИНДЕКС: 64295



ҒАРЫШТАН КЕЛГЕН МЕТАЛЛ НЕМЕСЕ
ИСПАН ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ҚЫЗЫҚ ҚҰПИЯСЫ

7



ИНТЕРНЕТТЕГІ ЖЕКЕ ДЕРЕКТЕРДІ
ҚАЛАЙ ҚОРҒАУҒА БОЛАДЫ?

8

БЕЙІНДІ МАМАНДАРҒА УЧАСКЕЛІК ДӘРІГЕРСІЗ: БҰЛ ЕРЕЖЕ ҚАЛАЙ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ?

Тамыз басында Қазақстанда емханалардың жұмыс істеу ережелері жаңартылды. Осыған байланысты бұл құжатқа қатысты түрлі жорамалдар пайда болды. Мысалы, енді бейінді мамандарға учаскелік дәрігердің жолдамасынсыз-ақ баруға болады деген пікірлер айтыла бастады. Tengri Health тілшісі іс жүзінде қай жағдайда жалпы практикалық дәрігерге (ЖПД) бармай-ақ қоюға болатынын, ал қай кезде оның қажет екенін анықтап көрді.

Денсаулық сақтау министрлігінің "Амбулаториялық жағдайларда мамандандырылған медициналық көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы" бұйрығы 2022 жылғы 27 сәуірде бекітілген болатын. Содан бері оған бірнеше рет өзгерістер мен нақтылаулар енгізілді - соңғылары 2026 жылғы 3 тамыздан бастап күшіне енді. Бұйрықта бұған дейін де пациенттердің жалпы практикалық дәрігердің (ЖПД) жолдамасынсыз бейінді мамандарға жазыла алатын жағдайлары көрсетілген болатын. Олар жарақаттар, соның ішінде офтальмологиялық және отоларингологиялық жарақаттар, шұғыл және жоспарлы стоматологиялық жағдайлар, дерматоневрологиялық бейіндегі аурулар, акушер-гинекологтар мен психологтардың қабылдауы (тіркелген жері бойынша), онкологиялық және гематологиялық ауруларға күдік туындаған жағдайда (егер қауіпті растайтын талдаулар немесе УДЗ болса), бір жағдай аясындағы қайталама қабылдаулар, созылмалы ауру бойынша динамикалық бақылау, пациенттің жастар денсаулық орталықтарына жүгінуі (өздігінен жүгінуі), жылжымалы медициналық кешендер мен медициналық пойыздар көрсететін қызметтер.

Бұл тізбе бірнеше жыл бұрын қабылданған және ол өзгерген жоқ. Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық көмекті ұйымдастыру департаментінің директоры Гүлнар Сәрсенбаева бірнеше мысал келтіреді. Мысалы, отоларингологиялық жарақаттарға құлақ, мұрын, тамақ пен көмейдің механикалық, термиялық немесе химиялық зақымданулары - жаралар, кесіктер, соғып алулар мен сынықтар жатады.

"Акушер-гинекологтың қабылдауына барлық жағдайда тікелей жазылуға болады. Тек жүктілік бойынша есепке тұратын әйелдер ғана ерекшелік - олар алдымен жалпы



практикалық дәрігерге жүгінеді, содан кейін ғана ол пациентті бейінді мамандарға жібереді", - деп түсіндіреді сарапшы.

Созылмалы ауруларымен есепте тұрған адамдар да ЖПД-ға бармай-ақ қоя алады. Айталық, диабеті бар адам бірден эндокринологқа бара алады және тағысын тағы. Тек осы жағдайларда ғана адам бұрын да, қазір де учаскелік дәрігерсіз бейінді маманға өз бетінше жазыла алады. Қалған жағдайлардың бәрінде ол бәрібір де алдымен жолдама алу үшін ЖПД-ға баруы керек, содан кейін ғана эндокринологқа, кардиологқа немесе неврологқа барады. Бұл тұрғыда тізбеде ештеңе өзгерген жоқ.

Г.Сәрсенбаеваның айтуынша, жалпы практика дәрігері - бұл емделушілер өтуі тиіс белгілі бір сүзгі. Ол бейінді мамандардың көмегіне жүгінбей-ақ, көптеген қызметтерді көрсете алады - бұл асқынбаған ауру түрлері. Мысалы, қарапайым конъюнктивит кезінде ЖПД офтальмологқа салмақ түсірмей, емдеу бойынша ұсыныстарды өзі бере алады.

"Бейінді маманға бару үшін көрсетілмдердің бар-жоғын учаскелік дәрігер анықтауы тиіс. Сондықтан біз бейінді мамандарға жолдамалардың көпшілігін дәл осы маман беретін тәжірибеден бас тартуды жоспарлап отырған жоқпыз", - деп толықтырды сарапшы. Сол себепті, бұрынғысынша көптеген жағдайда алдымен жалпы практика дәрігеріне жүгінуге тура келеді.



2026 ЖЫЛЫ ЖАЛҒЫЗБАСТЫ АНА ҚАЛАЙ БАСПАНАЛЫ БОЛА АЛАДЫ?

(Соңы. Басы 1-бетте).

ТҰРҒЫН ҮЙ СЕРТИФИКАТЫ БАСТАПҚЫ ЖАРНАҒА КӨМЕКТЕСУІ МҮМКІН

Ипотека рәсімдеу кезінде бастапқы жарна негізгі кедергілердің біріне айналуы мүмкін. Мұндай жағдайда тұрғын үй сертификатын алу мүмкіндігін тексерген жөн. Тұрғын үй сертификаты тұрғын үй заемы бойынша бастапқы жарнаның бір бөлігін жабуға арналған. Оны алушылардың санаттары мен талаптарын жергілікті атқарушы органдар белгілейді. Сондықтан шарттар өңірге қарай өзгеше болуы мүмкін.

ЕГЕР МӘСЕЛЕ ПӘТЕР САТЫП АЛУДА ЕМЕС, ОНЫ ҰСТАУДА БОЛСА

Мемлекеттік қолдау тек тұрғын үй сатып алумен шектелмейді. Табысы төмен отбасылар тұрғын үй көмегін алу мүмкіндігін де қарастыра алады. Тұрғын үй көмегі тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерге жұмсалатын шығын-

дардың бір бөлігін өтеуге арналған. Бұл жерде маңызды айырмашылық бар: тұрғын үй көмегі пәтер беруді емес, отбасының тұрғын үй-коммуналдық шығындарын өтеуге қаржылай қолдау көрсетуді білдіреді.

ЖАЛҒЫЗБАСТЫ АНА НЕ ІСТЕУІ КЕРЕК?

Егер меншігінде баспанасы болмаса, алдымен тұрғын үйге мұқтаждар есебіне тұруға құқығы бар-жоғын тексерген жөн. Одан кейін:

- тұрғын үй есебіне тұруға өтініш беру;
- өз өңіріндегі жалдамалы тұрғын үй бағдарламаларын бақылау;
- жалдау ақысын субсидиялау мүмкіндігін тексеру;
- Отбасы банктің қолданыстағы бағдарламаларына талаптардың сәйкес келетінін анықтау;
- бастапқы жарна жеткіліксіз болса, тұрғын үй сертификатын алу мүмкіндігін қарастыру;
- табыс төмен болған жағдайда тұрғын үй көмегіне өтініш беру мүмкіндігін тексеру қажет.

ЖОО-ЛАРДА ОҚУ МЕРЗІМІ ҚЫСҚАРАДЫ

Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек 18 тамызда Үкіметтегі брифинг барысында жоғары оқу орындарындағы оқу мерзімін қысқарту жоспары туралы айтты, деп хабарлайды BAQ.KZ тілшісі.

Министрдің айтуынша, қазірдің өзінде кейбір мамандықтар бойынша оқу мерзімі қысқартылған.

- Кейбір мамандықтар үшін төрт жыл оқу - ұзақ. Өйткені бұл аралықта білім беру мазмұны айтарлықтай өзгеріп үлгереді. Сондықтан біз Үкіметке жоғары оқу орындарында қолданбалы бакалавриат форматында қысқартылған оқу бағдарламасын енгізу жөнінде ұсыныс бердік. Енді жоғары колледждермен бірге пилоттық жобаны іске қоспақпыз. Студент колледжде қолданбалы бағыттағы нақты мамандықты меңгереді. Бұл бакалавриат деңгейіне сәйкес келеді, бірақ оқу мазмұны



мен мерзімі қысқарақ болады. Кейін ол модульдік форматта жоғары оқу орнында білімін жалғастырып, бакалавриатты, одан әрі магистратураны аяқтай алады, - дейді Саясат Нұрбек.

Министр алдағы уақытта жоғары оқу орындарындағы оқу мерзімі одан әрі қысқартатынын растады.

- Оқу мерзімі қысқарады, жаңа форматтар пайда болады. Оқыту жүйесі икемдірек әрі гибридті форматқа көшеді. Біз бұған қажетті нормативтік базаны дайындап қойдық. Пилоттық жобалар сынақтан өтті. Жалпы, бұл жүйе жұмыс істеп тұр, - дейді Саясат Нұрбек.

МОБИЛЬДІ ОПЕРАТОРЛАР ТАРИФТІ АЯҚ АСТЫНАН КӨТЕРЕ АЛМАЙТЫН БОЛДЫ

20 тамыздан бастап Қазақстанда ұялы байланыс қызметтері құнының көтерілуі туралы абоненттерді хабардар ету ережесі өзгерді. Операторлар тарифтің жоспарланған қымбаттауы туралы клиенттерге кемінде екі ай бұрын ескертуге міндетті болады, деп хабарлайды TengriNews.kz тілшісі.

Егер ұялы байланыс операторы тариф құнын өзгертуді жоспарласа, ол бұл туралы абонентке кемінде 60 күнтізбелік күн бұрын хабарлауы тиіс. Тиісті норма байланыс саласындағы заңнамаға енгізілген түзетулерде қарастырылған. Хабарлама абоненттік нөмірге SMS арқылы келуі тиіс. Сонымен қатар операторлар алдағы өзгеріс туралы ақпаратты өздерінің интернет-ресурстарында жариялауы қажет. Осылайша, абоненттер қызмет құнының алдағы өсімі туралы алдын ала біліп, жаңа шарттармен танысуға екі ай уақыт алады.

Бұрын қалай болды?

Жаңа талап нақты хабардар ету мерзіміне қатысты. Операторлардың тарифтік жоспарлар құнын қайта қарау құқығы жойылмайды. Яғни, ұялы байланыс операторы қызмет құнын бұрынғысынша өзгерте алады, бірақ ол туралы клиенттерге алдын ала - кемінде 60 күн бұрын хабарлауы тиіс. Бұған дейін алдын ала хабарлау мерзімі 30 күнтізбелік күн болатын. Енді ол екі есе артады.

Тағы қандай өзгеріс енгізіледі?

Тарифтер туралы хабарлаудың жаңа ережесінен бөлек, осы күннен бастап ұялы байланыс саласында өзге де өзгерістер енгізіледі. Смартфондарды верификациялау талаптары күшейтіледі, сатушылар құрылғыларды сатпас бұрын тексеруге міндетті болады, ал ұялы байланыс қызметтеріне шарт жасау абоненттің биометриялық сәйкестендіруін талап етеді.



Сондай-ақ операторлар әлеуметтік және мемлекеттік маңызы бар мобильді қосымшалармен тәулік бойы және тарифтелмейтін байланысты қамтамасыз етуі тиіс. Мұндай қосымшалар тізбесін уәкілетті орган айқындайды.

ОҢАЛТУ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ЖОБАСЫ ОҢ НӘТИЖЕ БЕРІП ОТЫР

Әлемдегі ең ізгі әрі жауапты міндеттердің бірі – денсаулығында кінәраты бар бүлдіршіндердің бұғанасын бекітіп, олардың қоғамнан тыс қалмай, тең өмір сүруіне жағдай жасау. Олай дейтініміз, әрбір баланың күлкісі мен қуанышы – тұтас бір отбасының бақыты болса, ал ерекше күтімді қажет ететін балалар үшін әрбір алға жылжыған қадам үлкен ерлікпен пара-пар. Міне, осындай жүрекке жылу ұялатар ізгі ниетті арқалаған «QH. Мүгедектігі бар балаларды үй жағдайында оңалту» қайырымдылық жобасы бүгінде Шымкент шаһарында жүздеген отбасыға қуаныш әкеліп, жүректерге сенім ұялатып отыр. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің тікелей ұйытқы болуымен және қатаң бақылауымен жүзеге асып жатқан бұл ауқымды бағдарлама қатысушылар үшін толығымен тегін. Басты артықшылығы да сонда – бала бөтен ортаға барып шаршамайды, барлық қажетті шипа мен ем-дом шараларын өз үйінің жылуында, туған ортасының қолайлы жағдайында қабылдайды. Ал ата-аналар тәжірибелі мамандардың кеңесіне сүйеніп, баланың күнделікті күтіміне арналған заманауи құрал-жабдықтармен толық қамтылады.

Бүгінгі таңда Әлеуметтік қорғау саласын дамытудың ұлттық ғылыми орталығы бұл маңызды пилоттық жобаны еліміздің төрт ірі өңірінде – Қызылорда, Семей, Павлодар және Шымкент қалаларында табысты іске асырып келеді. Бастама өз жұмысын бастағалы бері тек Шымкенттің өзінде 400-ден астам бала бұл қызметтің игілігін көріп, оның ішінде 99 бүлдіршін оңалту бағдарламасын жоғары нәтижемен аяқтап шықты. Ал қазіргі уақытта тағы 329 бала мамандардың тікелей бақылауымен сауықтыру жолын сәтті жалғастырып жатыр.

Үй жағдайындағы оңалту жұмыстары қалай үйлестірілген?

Мүмкіндігі шектеулі балаларға көрсетілетін көмекті мейлінше ерте бастап, оны үзбей жүйелі түрде жалғастырудың маңызы орасан зор. Алайда бұл үшін отбасы күн сайын сарсаңға салынып, арнайы орталықтардың табалдырығын тозуға міндетті емес. Ең бастысы – баланың көңіл-күйі мен тыныштығын бұзбай,

барлық сауықтыру жұмыстарын үйреншікті жағдайда үйлестіру.

Қайырымдылық жобасына қатысу үшін өтініш түскен бетте білікті мамандар баланың денсаулық жағдайын, қозғалыс қабілетін және сырқаттың қаншалықты күрделі екенін жан-жақты тексеріп шығады.

«Әр баланың жағдайы өзгеше, бәрінің қажеттілігі әрқалай. Сондықтан емдеу құралдары да соған сай бөлек таңдалады. Бағдарлама аясында ата-аналардың телефонына арнайы қосымша орнатылып, үйде өз бетінше жасауға болатын жаттығулар жіберіліп тұрады. Біз әр отбасымен тығыз байланыста болып, балалардың қалай өзгеріп жатқанын үнемі қадағалап отырамыз». Бүгінде осы бағдарламаның көмегімен сауығып, жағдайы жақсы жаққа қарай өзгеріп жатқан бүлдіршіндердің қатары күн санап көбейіп келеді, – дейді дәрігер-реабилитолог Жандос Пердеев.

Қажетті құрал-жабдықтар тікелей баланың үйіне әкелініп орнатылып беріледі. Мамандар ата-анаға құрылғыны қалай дұрыс қолдану керектігін көрсетіп, жаттығу тәсілдерін түсінікті



тілде бастан-аяқ түсіндіріп өтеді.

Бұл мүмкіндікті кімдер иемдене алады? Бұл бағдарламаға жүріп-тұруы қиындаған, атап айтқанда, балалар сал ауруы, Даун синдромы, су жиналу немесе мидың даму ерекшеліктері бар, арнайы дәрігерлік комиссиядан өткен балалар қатыса алады. Бағдарламаға қатысу мүмкіндігі туралы хабар ата-аналарға 1414 бірыңғай байланыс орталығы арқылы SMS хабарлама ретінде келеді.

«Баланың алғашқы қадамдары – біз үшін үлкен жетістік»

Мұндай жобалардың маңызын құрғақ сандарға қарағанда, аналардың жүрегінен шыққан шынайы қуаныш арқылы ғана сезінуге болады. Осы игіліктің рахатын көріп отырған аналардың бірі Айман Кальменова бұл таптырмас мүмкіндік туралы алғаш рет осы орталықта баласын емдетіп жүрген аналардан естігенін толқып жеткізді.

«Бұдан біраз күн бұрын осындай орталық бар екенін баласын оңалтудан өткізіп жатқан басқа аналардан білдім де, еш ойланбастан дереу өтініш бердім. Арада небәрі 2-3 күн өткенде арнайы мамандар бізге аса қажет вертикализатор құрылғысын тікелей үйімізге әкеліп орнатып берді. Ол кезде балам өздігінен аяққа тұрып, жүре алмайтын еді. Құрылғыны төрт ай бойы тұрақты пайдаланған соң-ақ баламыздың денсаулығы біршама жақсарып, алға қарай оң өзгерістер бола бастағанын байқадық. Қазір балам арнайы жүріс арбасының көмегімен алғашқы қадамдарын жасап жүр. Бұл – біздің отбасымыз үшін баға жетпес бақыт пен үлкен жетістік. Балаларымыздың өмір сүру сапасын жақсартып, болашақтарының жарқын болуына жол ашып жатқан мемлекетімізге ризашылығымызды білдіреміз», – дейді қуанышын жасыра алмаған ана Айман Кальменова.

Осы орайда, Әлеуметтік қорғау саласын дамытудың ұлттық ғылыми орталығы Шымкент қалалық филиалының директоры Салтанат Ибраева мәселенің маңыздылығын түсіндіре отырып, пилоттық жобаның басты мақсаттарына тоқталды:

«Бұл жобаның түпкі мақсаты – жүріп-тұруы қиындаған балалардың өзін-өзі күтіп үйренуіне және қоршаған ортаға тез бейімделуіне жан-жақты көмектесу. Әсіресе, 1 мен 5 жас аралығындағы бүлдіршіндерге арналған бұл вертикализатор құрылғысы олардың басын тік ұстауына, отыруына және екі аяғымен нық тұруына үлкен септігін тигізеді. 4 ай мерзімге тегін берілетін бұл құралдың арқасында балалардың үстелді жағалап жүре бастағанын көру – біз үшін үлкен мақтаныш», – дейді ол.

Мемлекет пен білікті мамандардың тынымсыз еңбегімен қолға алынған мұндай кешенді жұмыстар ерекше балалардың қоғамға толыққанды сіңісіп, жарқын болашаққа сеніммен қадам басуына жол ашатын берік тірек іспетті. Үздіксіз қамқорлық пен жүйелі қолдаудың арқасында әрбір шаңыраққа ертеңгі күнге деген шексіз үміт ұялап, жеткіншектердің өмір сүру сапасы жақсарып келеді.

ЕҢБЕК АДАМЫНЫҢ ҚҰҚЫҒЫ ҚАЛАЙ ҚОРҒАЛУДА?

Елімізде еңбек адамының мәртебесін биікке көтеріп, олардың қоғамдағы қажырлы еңбегін ұлықтау – мемлекеттік саясаттың басты басымдықтарының бірі. Миллионды шаһар – Шымкент қаласында да адал еңбегімен ел дамуына үлес қосып жүрген әрбір маманның мәртебесін биікке көтеріп, олардың қажырлы қызметін жан-жақты дәріптеу бағытында ауқымды жұмыстар атқарылуда. Қала әкімдігі мен кәсіподақтар ұйымдары бірлесіп, өңірдегі түрлі сала қызметкерлерінің әлеуметтік-экономикалық мүдделерін қорғауды, еңбек қауіпсіздігін сақтауды және оларға лайықты жұмыс жағдайын жасауды басты назарда ұстайды. Мегаполис аумағындағы ұжымдарда адам капиталын жоғары бағалап, еңбек адамының қоғамдағы беделін арттыруға бағытталған игі шаралар жүйелі сипат алған.



Осы орайда, «Қуатты кәсіподақтар – еңбек адамының қуатты үні» бірыңғай жалпыхалықаралық науқаны аясында «Қалың қалай, бастауыш ұйым?» айдарымен Әл-Фараби атындағы қалалық ғылыми-әмбебап кітапханасында маңызды кездесу өтті. Шымкент қаласының рухани-мәдени өмірінің орталығына айналған бұл ошақта ұйымдастырылған жиынды Қазақстандық салалық мәдениет, спорт, туризм және ақпарат қызметкерлерінің кәсіптік одағы Шымкент қалалық филиалы жоғары деңгейде өткізді. Басқосудың негізгі мақсаты – кітапхана қызметкерлерінің еңбек жағдайын жақыннан зерделеу, кәсіподақ жұмысының тиімділігін арттыру және ұжымдағы өзара ынтымақтастықты одан әрі нығайту.

Шараға Шымкент қаласы кәсіподақтар орталығы-

ның бас мамандары Эльмира Утепова мен Наргиза Ирисметова арнайы қатысып, қала көлеміндегі кәсіподақ ұйымдарының атқарып жатқан жұмыстары мен еңбек адамдарына берілетін әлеуметтік кепілдіктер туралы кеңінен баяндап берді. Мамандар еңбек заңнамасына енгізілген өзгерістер мен кәсіподақтың құқық қорғаушылық қызметіне де жеке тоқталды.

Жиын барысында бастауыш кәсіподақ ұйымының төрайымы Динара Мұхтарқызы Турмаханова сөз алып, кітапхана ұжымының қазіргі тыныс-тіршілігіне тоқталды.

«Кәсіподақ – әрбір қызметкердің сенімді тірегі. Біздің басты мақсатымыз – кітапхана қызметкерлерінің әлеуметтік-экономикалық мүдделерін қорғап қана қоймай, олардың рухани дамуы мен сапалы еңбек етуіне қолайлы жағдай жасау», – деп атап өтті Динара Мұхтарқызы.

Кездесу соңында кітапхана қызметкерлері еңбек қауіпсіздігі мен әлеуметтік қолдау мәселелері бойынша пікір алмасып, толғандырған сауалдарына тұшымды жауаптар алды. Сондай-ақ олар кәсіподақ тарапынан көрсетіліп жатқан қолдауға шынайы алғыстарын білдірді.

Мұндай мазмұнды шаралар еңбек ұжымдарындағы бірлікті нығайтып, мамандардың құқықтық сауаттылығын арттыруға айтарлықтай үлес қосады. Шымкент қаласындағы еңбек адамдарын қолдауға бағытталған «Қуатты кәсіподақ – қуатты елдің кепілі» екенін дәлелдеген бұл басқосу қатысушылардың көңіл-күйін көтеріп, өзара түсіністік пен жылы атмосферада өз мәресіне жетті.

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРҒА ҚАТЫСТЫ РЕЙД КҮШЕЙТІЛДІ

Еліміздің бірқатар өңірінде тәртіп сақшылары кәмілетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында нүктелік рейдтер жүргізді. Атап айтқанда, Астана, Шымкент қалалары мен Абай облысында ұйымдастырылған іс-шара барысында түн мезгілінде балаларының жүрген жерін бақылауды қамтамасыз етпеген 480-нен астам ата-ана жауапқа тартылды.



Тексеру кезінде тәртіп сақшылары түнгі уақытта ересектердің қарауынсыз жүрген жасөспірімдерді анықтауға ерекше назар аударды. Мұндай шаралар балаларға қарсы жасалуы мүмкін қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың уақтылы жолын кесуге бағытталған.

Сонымен қатар, рейд барысында кәмілетке толмағандарға алкоголь және темекі өнімдерін сатуға тыйым салынғанын қатаң тексерді. Нәтижесінде, аталған ережені бұзған 28 кәсіпкер жауапкершілікке тартылды. Ішкі істер министрлігі бұл жұмыстың ерте профилактика аясында жүзеге асырылып жатқанын атап өтті.

«Мәселені уақытында көріп, оны нақты шешу маңызды – сонда ғана құқық бұзушылықтың алдын алып, баланың амандығын сақтай аламыз», – деді полиция өкілдері.

Ведомство ата-аналарға балалардың түнде қайда жүргенін, кіммен қарым-қатынас жасайтынын және бос уақытын қалай өткізетінін қатаң бақылауда ұстау қажеттігін еске салды. Полициялар балалардың құқықтарын қорғау бойынша мұндай рейдтердің жалғасатынын мәлімдеді.

Айта кетейік, ойын-сауық орындарында кәмілетке толмаған бала қараусыз жүрсе, ата-анасына бірден 3 АЕК мөлшерінде айыппұл салынады. Егер осындай жағдай жыл ішінде қайталанса, айыппұл көлемі 7 АЕК-ке дейін артады.

Бетті дайындаған Әлия ӘУЕСБЕКОВА

(Соңы. Басы 1-бетте).

Алғашында аздаған бала сол садақпен атып жүрді. Кейін қызыққан оқушылардың қатары арта бастаған соң сол кезде Сайрам аудандық білім бөлімінің басшысы болып отырған Құралай Балтайбайқызына өтініш жасадым. «Маған дәстүрлі садақ ату үйірмесін ашып берсеңіз. Мен балаларға садақ аруды кәсіби түрде үйреткім келеді. Оларды жарысқа дайындасам деген ниетім бар», – деген едім, ол кісі қолдау білдіріп, 2019 жылы өзім жұмыс істеп жүрген мектептен жарты мөлшерлемен дәстүрлі садақ ату үйірмесін ашып берді. Міне, содан бері, 7 жыл өтті, үйірме жұмысы тоқтаусыз жалғасып келеді.

– Осыған дейін дәстүрлі садақ ату үйірмесі еліміздегі мектептерде болған ба?

– Жоқ, болмаған. Еліміз бойынша садақ ату үйірмесін ең алғаш болып мектептен ашқан біз. Әрине, спорт мектептерінде бар, болған, бірақ бізге дейін дәл мектеп қабырғасында садақ ату үйірме жұмысы ретінде жүрмеген.

Бізге Қазақстан бойынша садақшы-



Махамбет СӘТБАЕВ,
ұлттық садақ спортының
насихаттаушысы:

ауылдағы садақ спортының дамыту, оқушыларымның атын шығару деген бір ғана мақсат жатыр.

– Сонда сіз өзіңіз мініп жүрген көлігіңізді сатып, спорт зал салдыңыз ба?

– Иә, қымбат көлігімді сатып, қазір мініп жүрген ескі көлікті алдым. Қалған ақшаға мектептің сырт жағындағы қабырғаға жапсарлас етіп, есігін сыртқа қаратып, шағын спорт зал соқтым. Сонда көбісі: «Махамбет бұл құрылысты бекер бастап жатқан жоқ. Адамдар ақылы түрде келіп садақ ататын жер жасап, оны кәсіп көзіне айналдырмақшы», – деп ойлапты.

Осы шағын залды соғу арқылы көп мәселені шештік. Мысалы, мектепте бір ғана спорт зал бар еді. Кейде үш сыныпқа бірдей уақытта дене шынықтыру пәні өтілуі керек болады. Сондай кезде балалар бөлініп, кейінгі соғылған спорт залда садақ атады, теннис, доп ойнайды.

Өзімізге де жақсы болып қалды. Бұл спорт залы ашылмай тұрып балалар садақ атуға акт залға баратын жолдағы шағын коридорда дайындалатын. Себебі басқа орын жоқ. Үлкен спорт залда сабақ өтіп жатады. Ол кезде барымыз да, нарымыз да жоғарыда мен айтып кеткен сыйға

«БАЛА ШАҚТАҒЫ АРМАНЫМДЫ САТПАДЫМ»

лардың чаты бар. Мен бұл жайында соларға сұрау салдым. «Менен бұрын жалпы білім беретін мектептерінде садақ ату спортының үйірме жұмысы ретінде ашқан адамдар бар ма? Мен өзімді бұл жолда алғашқымын деп көрсете аламын ба?» деген едім, олар мұндай бастаманы қолға алған алғашқы мұғалім екенімді растады. Мұны сұраған себебім, кейде кездесулерге шақырады, сұхбаттар беріп жатамын. Сонда осы сұрақ қойылып қалады. Сондықтан бұл сұрақтың жауабын білу мен үшін өте маңызды болды.

– Жаңа өз сөзіңізде садақ аруды қымбат спорт түрі деп қалдыңыз. Кәсіби садақтардың арзан тұрмайтыны анық. Үйірмеге қажетті құрал-жабдықтарды қалай толықтырдыңыз? Кім демеушілік етті?

– Менің негізгі демеушілерім – ата-аналар. Ол кісілерге менің алғысым шексіз. Біз жақсы нәтижелерге қол жеткізіп жатамыз, ол – ең бірінші Алла, содан соң ата-аналардың арқасы. Жарыстардан орын алған сайын ата-аналар да жақсы қолдау көрсете бастады. Жағдайы барлар балаларына садақты 100-200 мыңға өздері әперіп жатыр. Өйткені нәтиже бар, жеңіс бар, жұмыс жүріп жатыр. Бәрін көріп-біліп отыр. Содан кейін де жақсы қолдау танытып жатыр.

Ауданға әкім болып келген басшылар да бетімді қайтарған емес. Сайрам ауданының әкімі Арман Сәбитов болып тұрған кезде бір күні қабылдауына кірдім. «Мен садақ үйірмесінің жетекшісімін. Оқушыларыма садақ керек, оқ керек, жарыстарға баруым қажет. Бізге жыл сайын тұрақты түрде қомақты қаржы бөліп тұрсаңыздар. Қазір қолдағы бармен шама-шарқымыз келгенше ауданның намысын бермеуге тырысып жүрміз», – деген едім, «Біз де ондай мүмкіндік жоқ. Бірақ біз сізді қосымша жұмысқа алайық», – деп бірден облыстық спорт басқармасына қоңырау шалды. Сөйтіп кеңсесі Қарасуда орналасқан Түркістан облыстық ұлттық спорт түрлерінен мамандандырылған балалар-жасөспірімдер спорт мектебіне қабылдандым. Онда дәстүрлі садақ ату бөлімі бар екен. Сол жерде бір жарым жылдай жұмыс істеп, кейіннен Сайрамдағы ұлттық спорт мектебіне ауыстым. Сол жақтағы басшылық бізге тағы да бірнеше сапалы садақтар мен оқтар алып берді.

Оқушыларды жарысқа алып баратын

болсам да осы спорт мектебі демеушілік етеді. Оған дейін қалталы азаматтарымыздың көмегіне жүгінетінмін. Себебі мектебіміздің біздің шығындарды өтеп беретін мүмкіндігі жоқ.

Ал мен шетелге жарысқа барғанымда Сайрам ауданының білім бөлімінің сол кездегі басшылары Гүлнара Тынымбаева, одан кейін Бауыржан Ахметов жол шығындарымды өтеп берген болатын. «Шәкірт мықты болуы үшін ұстазы да мықты болуы керек. Бапкерде тәжірибе болмаса ол балаларға не береді? Сіздер демеушілік етсеңіздер мен шетелдік жарыстарға шығып, тәжірибе жинағым келеді», – дедім, бетімді қайтарған жоқ. Сол үшін ол кісілерге де мың алғыс.



Садақ спортында құрал-жабдықтарды үнемі толықтырып отырған дұрыс. Себебі оқ жиі сынады. Бізге сапалы, қымбат садақтар, оқтар әлі де керек. Мұндай садақты бір рет қолына алған бала арзанқол садақтарды ұстағысы келмей қалады. Себебі айырмасы жер мен көктей. Бұрын жарыстарға арзанқол садақтармен барып жүріппіз, кейін қарсыластарымыздың қолындағы садақтарын көрген кезде кемшін тұсымызды түсіне бастадық. Қымбат әрі шығыны көп спорт түрі дейтініміз де сол.

– Демек, Сайрамдағы садақ спорты-

ның дамуына демеушілердің де көмегі зор болып тұр ғой...

– Әрине. Мен оқушыларым үшін не істемедім? Кіре алмайтын есіктерге кірдім, ашылмайды деген есіктерді аштым. Әлі де аша беруге дайынмын. Сондағы мақсат – оқушыларымды қалайда жетістікке жеткізу. Не істесем де барлығы оқушыларым үшін жасалады. Бұл жолда фанат болмасаң, жетістікке жете алмайсың. Мен де мектепте жалақым бар, жүргізіп жатқан үйірмем бар, жан-жаққа шапқылап, демеуші іздемей-ақ жүре берсем болар еді. Оқушылар үйірмеге келсе келді, келмесе өздері біледі деп, қолдарына 2-3 садақ, 5-6 оқ беріп қойып, соны кезектесіп атқызып қойып қарап отыра берсем

берілген жалғыз олимпиадалық садақ еді. Бір садақ, үш оқ. Сонымен балалар кезек-кезек атады. Солай күнелттік. Қазір, міне, сол балалар 11 сынып оқып жатыр.

Негізгі мектеп мемлекеттік ғимарат болған соң маған құрылысқа бірден рұқсат берген жоқ. «Мектеп ауласына әркім қалағанынша құрылыс жүргізе алмайды» деп түсіндірді. Содан ауданға барып, салынатын спорт залдың қажеттілігін, оған өзім демеушілік ететінімді, жалпы жобасы қалай болатынын барлығын айтып, көрсеттім. Заңгердің кеңесін алдым, арнайы құжаттарын дайындадым. Солай заңды негізде рұқсат алып, құрылысты бастадым. Құрылыс жұмыстарына бес миллион қаржы кетті, есесіне оқушыларымның жарқын болашағына жол салып бердім деп ойлаймын. Олар да бұл еңбекті жақсы бағалап, жарысқа барған кезде жүлделі болуға барын салып жүр.

ОҚУҒА БЕС ЖЫЛДАН КЕЙІН ТҮСКЕН

– Ең алғашқы жарыстарыңыз қашан және қай қалада болды?

– Қазақстан бойынша садақшылардың ең алғашқы жарысы 2021 жылы Астана қаласында өтті. Біз де алғаш рет сол жарысқа бардық. Сол жерде садақшылар бір-бірімізбен танысып, арнайы чат аштық. Ол жақта біз жеңіске жеткен жоқпыз, дегенмен көп нәрсені түсініп, түйіп қайттық. Өзіміздің кемшіліктерімізді байқадық. Біздің садақтарымыздың сапасы басқалармен салыстырғанда әлі де жетілдіруді қажет ететінін түсіндік. Жарыс – бұл тәжірибе. Адам әр жарысқа барған сайын шыңдала түседі.

Одан кейінгі жарыстардың нәтижесі жаман болып жатқан жоқ. Қазір біздің «Сайрам – сила» деген лақап атымыз бар. Бұл – 2024 жылы Өскеменде өткен жарыстан кейін бізге берілген атау. Республикалық жарыста менің оқушыларым Түркістан облысының атынан шығып, 5 алтын, 4 күміс, 4 қоламен Қазақстан бойынша ең үздік атанып, бас кубокты жеңіп келді. Содан бері біз шыққанда барлығы «Сайрам – сила» келе жатыр» дейтін болды. Жақында тағы да облыстық чемпионаттан 11 алтын, 9 күміс, 7 қола алып келдік.

Көп жарыстарға Түркістан облысының атынан барсақ та, ауданның атын міндетті түрде қосып көрсетемін. Өзім

шетелге шыққан кезде де «Қазақстан, Сайрам ауданы» деп жазғызып қоямын. Тілдері келмейді, екі-үш мәрте қайтала-тамын. Бұл – менің ауылыма деген шексіз құрметім. Ауылымның аты шыға берсін деймін. «Өз ауылының кішкентай тасын сыйламаған адам өзге жердің тауының қадірін білмейді» дейді. Мен де туған ауылымның топырағын сыйлайтын бір қазақтың.

– **Қандай қалаларға бардыңыздар?**

– Өскеменнен бөлек Ақтау, Жаңаөзен, Қарағанды, Қызылорда қалаларында болдық. Астанаға бірнеше рет бардық. Бұл – оқушыларыммен барған жарыстар. Ал шетелдік жарыстарға жеке өзім бардым. Болгария, Түркия елдерінде екі рет, Қытайда бір рет болып келдім.

Қырғызстанға да жиі барамын. Себебі ол жакта әрі білімді жетілдіріп жатырмын. Қазақстанда оқу ақысы қымбаттау болғандықтан Қырғызстанға оқуға түскен болатынымын. Қазір докторантурада сырттай оқимын. Қырғыз спорт және туризм академиясының екінші курс студентімін. Ғылыми жұмысымның тақырыбы – «Дәстүрлі садақ ату техникасын жетілдіру». Енді екі жылдан соң оқуды тәмамдаймын.

– **Магистратураны қайда оқыдыңыз?**

– Магистратураны Алматыдағы Қазақтың спорт және туризм академиясында бітірдім. Ал бакалавриатты Таразда оқыдым. Негізгі мамандығым – дене шынықтыру пәнінің мұғалімі. Еңбек жолым өзім оқыған Сайрам ауданындағы Ынтымақ ауылындағы №24 М.Махамбетов атындағы жалпы орта мектептен бастадым. Осы мектепте жүргеніме қазір, міне, аттай 24 жыл болды.

Мен мектеп бітірген 1995 жыл тоқырау кезеңі еді. Оқуға түсуге мүмкіндік болмады. Әкеміз ерте қайтыс болып кеткен, анамыз 38 жасында 8 баламен жесір қалды. Өте қарапайым отбасыда өстік. Анамыз колхозда жұмыс істеді, біз де қара жұмыс істедік. Бірақ басымда «Қалайда оқуым керек» деген ой үнемі тұратын. Бес жыл бойы оқуға түсуге әрекеттендім. Осы бес жылда түрлі қара жұмыстар істедім. Ауыр жұмысты да, жалдамалы жұмысты да, құрылысты да көрдім. Адам алдына мақсат қойса бәрібір жетпей қоймайды екен. Ақыры 2000 жылы Тараздағы М.Х.Дулати атындағы педагогикалық институттың студенті атандым. Менің қатарым оқу бітіріп, жұмыс істеп жатқан кезде мен енді жоғары білім алып жаттым.

Институтты бітірген соң тағы да білімді жоғарылатқым келді. Содан араға 14 жыл салып, 2019 жылы магистратураға, екі жылдан кейін докторантураға түстім. Білім алу деген мектептегі үлкен армандардың бірі еді, жылдар өтсе де сол арманымды сатпадым. Қазір оқушыларыма да осыны түсіндіруге тырысамын. «Бір жыл оқуға түсе алмай қалдыңдар ма, таулардың шағылмасын. Келесі жылы талпынып көріңдер, келесі жылы болмаса арғы жылы көріңдер. Бірақ үміттеріңді ешқашан үзбеңдер. Шындап мақсат қойсаңдар бәрібір жетпей қоймайсыңдар. Бастысы қара жұмыс істеп қалып қоймандар», – деймін. «Спорттан бұрын білімді бірінші орынға қойыңдар. Бірінші білім, содан кейін спорт», – деп түсіндіремін.

«САДАҚ АТУ АДАМДЫ МЕРГЕНДІККЕ ТӘРБИЕЛЕЙДІ...»

– **Ауылда садақ спортына қызығатын ересектер бар ма? Әлде тек балалар келе ме?**

– Ауылымызда бос уақытында залға келіп, анда-санда садақ атып кететін санаулы адамдарымыз бар. Олар бұған демалыс ретінде қарайды. Жамбы деп аталатын қимылдап тұратын нысана бар.



Соған оқты дөп тигізген кезде адам ерекше әсер алады.

Мен адамдарды өзім шақырамын. «Келіндер, садақ атыңдар, садақ беремін, оқ беремін. Азар болса бірнеше оғым сынар. Сыңса менің оғым сынады, бастысы келіп дайындалыңдар. Қазақтың ұлттық спортымен танысасыңдар», – деймін. Сөйтсем: «Келіп, оғынды сындырып кетіп жатса, саған одан не пайда?» – деп сұрайды адамдар. Сондағы бар ойым, ертеңгі күні жарыстар бола қалса ересектер де ауданымыздың атынан қатысып, ауылымыздың атын шығарса, садақ ату спорты ересектер арасында да дамыса деймін. Біздің де ауылдан мықты мергендер шығып жатса, сондай игі істің басыңдарында біз жүрсек, оның несі жаман? Қайта бұл керемет емес пе?

– **Дәстүрлі садақ ату спортының пайдасы қандай? Ол адамға не береді?**

– Бұл спортта тәрбие, өнер, мәдениет – барлығы бірдей астасып жатыр. Садақ ату адамды мергендікке тәрбиелейді. Баршамыз ұялы телефонға тәуелді болып қалған мына заманда көз бұлшық еттеріне де өте пайдалы. Оқ межеге барып қадалғанша сіздің көзіңіз де оқпен бірге қозғалады, бұл да – жаттығу. Содан соң бұл – адамды сабырлыққа шақыратын спорт. Садақты қолына алып, нысананы көздеп тұрған адам барлық проблемасын бір сәтте ұмытып, оқты қалайда дөп тигізуді ойлап тұрады. Осы кезде ми демалады.

Құлаған, қадалған оқты бірнеше рет барып алып келудің өзі де – қозғалыс. Сондай-ақ, бұл спорт адамның жауырынын ашады, иығын тіктейді. Дайын масаж. Онымен айналысқан адамда «грыжа», бел ауруы болмайды.

– **Елімізде садақ ату қаншалықты дамып жатыр?**

– Бұл – ең кенже қалған спорт түрі. Елімізде садақ ату 2022 жылдан бастап қана спорт түрі болып тіркелді. Оған дейін спорт түріне кірмеген. Дей тұрғанмен қазір біз өзімізден әлдеқайда дамып кеткен қырғыздарды басып озып жатырмыз. Елімізде әлемдік деңгейде медаль алып жатқан мықты садақшыларымыз бар.

Бір жылдары Кореяда дүниежүзілік жарыс болды. Сол жерде командалық есеп бойынша біздің ұлттық құрамымыз өте мықты шықты.

Біздің жігіттер жарап тұр. Аз жылда менің оқушыларым да солардың қатарына қосылады деп ойлаймын. Спорттағы ағаларым: «Махамбет қазір бау отырғызып жатыр. Мына оқушылар өскеннен кейін шамамен 5-6 жылда мықты жетістікке жетеді», – деп айтып отырады. Қазірдің өзінде аудандық, облыстық, республикалық, халықаралық деңгейдегі жарыстардан жүлделі орын алып келіп жатқан оқушыларым жетерлік. Мен олардан көп үміт күтемін.

КЕЗЕКТІ МАҚСАТ – КУБОКТЫ ЖЕҢІП АЛУ

– **Алдағы мақсатыңыз, жоспарыңыз қандай?**

– Иә, алдымызға тағы бір үлкен мақсат қойып отырмыз. Ол – Қазақстан бойынша алғашқылардың қатарында болып, ендігі жарыста бас кубокты жеңіп алу. Қазір күні-түні дайындықта жүрміз. Оқушыларымызды «пісіріп» жатырмын. Тек спорт залда ғана емес, далада да дайындаламыз. Оның себебі тек ғимарат ішінде садақ атып әдеттенген бала ашық аспан астына шыққан кезде мұлт кетуі мүмкін. Өйткені жел болады, жаңбыр құйып немесе күн қатты ыстық болып тұруы мүмкін. Ауа райының осындай қолайсыз жағдайларына да бала бейімделуі керек.



Баланы психологиялық тұрғыдан да дайындаймыз. Кейде жарыста жеңілсе немесе 1-2 рет мұлт кетсе сынып қалатындар бар. Ондай кезде «Қабағыңды түйме, күл! Үмітіңді үзбе!» деймін. Спортшының ең басты қарсыласы – өзі. Өзі мықты болмай, қарсыласын басып оза алмайды.

Бір жарыста кішкентай бала жылап тұр. Сөйтсек әке-шешесі «Медаль алма-саң келме!» деп ұрсып жіберіпті. Бұл деген – нағыз психологиялық қысым ғой. Ол ұйықтаса да, тұрса да, тамақ ішсе де тек сол оймен, сол уайыммен жүреді де, күш-қуатының бәрі соған кетеді. Соңында нәтижесі төмендейді. Әлгі балада да солай болған. Сондықтан мен ата-аналарға да: «Қалайда жеңіп кел» деп айтпаңыздар, одан да сәттілік тілеп шығарып салыңыздар. Бұл жарыста жеңбесе, келесіде жеңеді. Бұл – спорт. Спортта бәрі

болады», – деп айтып отырамын. Расында да кейде қатты сенім артқан балалар мұлт кетіп, керісінше аса көп үміт күтпеген оқушыларым орын алып кетіп жатады. Қарап тұрсаңыз, бұл да – тосынсығға толы өте бір қызық спорт түрі.

Менің оқушыларым жарысқа баратын кезде қуанады. Себебі бір күн бұрын барып, оларды қыдыртамын, қаланы арала-тамын, бірақ шаршатпаймын. Бұл жерде көңіл-күй рөл ойнайды. Көңіл-күйі жақсы бала ойын жинақтап, назарын оңай шоғырландыра алады. Ал ол біздің спортта өте қажет. Балалар жарысқа барғылары келіп өздері сұранып жатады. «Іріктеуден кім өтеді, сол барады» деймін. Содан іріктеуден өту үшін жанын салып дайындалады. Күніне екі мезгіл дайындап қайтарсам, кешкі сегіз-тоғызда «Ағай, келіңізші, залға барайықшы» деп өздері хабарласып тұрады. Бір-екі рет жарысқа барған оқушы бұл спорттан кеткісі келмейді. Қызығушылықпен бастап, кейін тастап кеткен оқушыларым әлі болған жоқ.

Негізі ауылда садақ атуға қызығатын балалар өте көп. Бірақ біз олардың барлығын түгел қамтамасыз ете алмаймыз. Өйткені қазір бізде оған садақ пен оқ жеткіліксіз.

– **Ал жанұяңызда ше? Балаларыңыз садаққа қызыға ма?**

– Аллаға шүкір, Құдай берген алты балам бар. Төрт балам садақ атады. Қызым – әлем чемпионы. Үлкен балам да болашақта дене шынықтыру пәнінің мұғалімі болады. Менің жолымды қуамын деп осы салада оқып жатыр.

Келіншегім де – дене шынықтыру пәнінің мұғалімі әрі менің көмекшім. Өйткені кейбір құжаттық жұмыстарға келгенде жалғыз өзім үлгере алмай кетемін. Мен жарысқа кеткен кезде де қалған балаларды келіншегім дайындай беретіні бар.

– **Асабалық өнеріңіз де бар екен...**

– Иә, мен оған 30 жасымда келдім. Бұл салада 15 жыл жүріп, анам қайтыс болған соң түбегейлі қойдым. Себебі көңілім құлазып, ештеңе қызық болмай қалды. Әлі де хабарласып жататындар бар, бас тартамын. Әйтпесе, табыстың көзі сол жерде жатыр. Бір айда алатын жалақыны той жүргізіп 2-3 сағатта тауып алуға болады. Бірақ, қазіргі менің бүкіл ойым да, қызығушылығым да – осы мектептегі садақ спорты. Бұл тіпті өміріме айналып кетті. Жұрт дүние, депозитке ақша жинап жатса, менің бар жиғаным, депозитім – осы оқушыларым. Ертең осылардың әрқайсысы мықты маман болып шыкса, онда менің арманымның орындалғаны.

– **Патриот деп кімді айтамыз? Сіз патриотсыз ба?**

– Патриот деген – еліне, жеріне тоқтаусыз қызмет ете алатын адам. Патриот емес адам күнделікті күйбең тіршіліктен шыға алмайды. Қарын тоқ болса, күнім өтсе болды деп жүре береді. Патриот адам өзінің ғана емес, өзгелердің де мүддесін ойлай алады. Бәлкім, менің ауылымның аты шықсын деп жүгіріп жүргенім де сол патриотизмнің бір көрінісі шығар. Ауылымды жақсы көремін. Егер маған ірі қалалардың бірінен жоғары жалақы беріп қызмет ұсынса да, ол жаққа бармайтыныма жүз пайыз сенімдімін. Ауылдан кетпеймін, себебі осы ауылда өстім, осы ауылды көркейттім керек. Ауылдың спортын қолдан келгенше дамытуым қажет. Түптеп келгенде жұрттың бәрі жан-жаққа кете берсе, ауылдың жайы не болады? Кім қалады?

Астанада, не болмаса Алматыда істейтін жұмысты осы ауылда жүріп те істей беруге болады. Ауылда жүріп те жетістікке жетуге болады. Ол үшін міндетті түрде алып қалада өмір сүру шарт емес. Тек алдына дұрыс мақсат, дұрыс ниет қойсаң болғаны.

– **Ісіңізге сәттілік тілеймін. Сұхбат бергеніңіз үшін көп рахмет!**

Сұхбаттасқан
М.ҚҰРБАНҚЫЗЫ

«БӘРІНЕН ДЕ СЕН СҰЛУ» ӘНІНІҢ АВТОРЫ КІМ?

Қазақ халқының жүрегінен орын алған «Бәрінен де сен сұлу» әнін естімеген жан кемде-кем шығар. Бұл – сөзі ақын Мақсұтбек Майшекинге, әні қазақтың біртуар сазгері Шәмші Қалдаяқовқа жататын әсем де сырлы ән. Туынды қазақ вальсінің королі мен өнер иелерінің жүрегінен шығып, халықтың сүйікті әніне айналған.

Көпшілік бұл әннің авторы деп қазақ вальсінің королі атанған Шәмші Қалдаяқов пен ақын Мақсұтбек Майшекиннің есімдерін біледі. Шынында да, олардың еңбегі бұл әннің кең таралуына, халықтық сипат алуына зор үлес қосты. Дегенмен, уақыт өте келе зерттеушілер мен әдебиет сүйер қауым бұл туындының түп-тамыры бұдан да тереңде жатқанын анықтады. Әннің поэтикалық негізі Алаш қозғалысының көрнекті өкілі, қазақ әдебиетінің классигі, ұлт руханиятының жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың өлеңіне тиесілі екені белгілі болды. Оның «Сен сұлу» атты өлеңі осы атақты әннің рухани бастауы саналады. Мағжан өз жырында табиғаттың, аспан мен даланың, ай мен күннің сұлулығын жырлай отырып, адамзат арасындағы ең көркем жаратылыс сүйіктісінің бейнесін асқақтата суреттейді.

Белгілі ақын Ұлықбек Есдәулет «Мағжан әлемі» атты еңбекте осы мәселенің тереңіне үңіліп, әннің шығу тарихына байланысты көпшілік біле бермейтін деректерді алға тартады. Ол ақын Сағи Жиенбаевпен болған әңгімесінде «Бәрінен де сен сұлу» әнінің алғашқы түпнұсқасы Мағжан Жұмабаевтың «Сен сұлу» атты өлеңі екенін нақты мысалдармен дәлелдейді. Сағи аға да бұл пікірді қолдап: «Мағжанның дәл осындай атақты өлеңі бар, тек Мақсұтбек Майшекин оны ықшамдап, ән ырғағына лайықтап қайта жазған», – деп түсіндіреді.

1950-60 жылдары Қазақ радиосының музыка редакциясын басқарған Мақсұтбек Майшекин – сол дәуірдің мәдениет пен өнер кеңістігіндегі беделді тұлғалардың бірі болатын. Әдебиетке де, сазға да жаны жақын ол Мағжанның он бір буынды күрделі құрылымды өлеңін ықшамдап, сегіз буынды өлшемге түсіріп, ән ырғағына лайықтап қайта жазады. Мұндай тәсіл поэзияны сазбен үйлестірудің сол уақыттағы қалыпты тәжірибесі еді. Нәтижесінде жаңа мәтін музыкалық жағынан жеңіл, шырқалуы жағынан ықшам болғанымен, Мағжан жырының негізгі ойы мен поэтикалық сарыны сақта-



лып қалады. Осылайша халыққа кең тараған нұсқа «Бәрінен де сен сұлу» деген атпен өмірге келеді.

Шәмші Қалдаяқовтың өз естелігінде айтуынша, бұл мәтінді оған Мақсұтбек Майшекин әкеліп берген. Өлеңді алғаш көргенде-ақ Шәмші оның поэтикалық қуатын сезіп, бірден сазын шығара бастайды. Көп ұзамай ән дүниеге келеді. Ол алғаш рет Қазақ радиосының эфирінде талантты әнші Майра Жүрсінованың орындауында шырқалады. Ән бірден халық көңілінен шығып, ел арасына тез тарап кетеді.

Алайда дәл сол кезеңде белгілі музыка зерттеушісі Ахмет Жұбанов жас композиторға «Бұл өлеңнің шын авторы – Мағжан Жұмабаев» деп айтып кеткен екен. Бұл сөз кейіннен Шәмші Қалдаяқовтың есінде ұзақ сақталыпты. Ол да Мағжан есімін ести салысымен таңырқап, сол дәуірдің жасырын шындығына көз жеткізеді. Себебі 1930-1950 жылдары Алаш қайраткерлерінің аты аталмайтын, ал шығармаларын иелену былай тұрсын, оқудың өзі де қауіпті саналатын. 1938 жылы сталиндік зұлматтың қанды доңғалағына тап болған Мағжан Жұмабаев – қазақ руханиятының ең қасіретті әрі ең асқақ тұлғаларының бірі еді. Сол жылдары Алаш қозғалысына қатысы бар адамдар түгелдей дерлік «халық жауы» атанып, олардың есімдерін атау түгілі, шығармаларын сақтау да қауіпті іс болатын. Мағжанның кітаптары өртеніп, қолжазбалары тәркіленді, ал оның поэзиясы туралы сөз қозғау өз өміріне қауіп төндірумен бірдей еді. Осындай сұрапыл заманда ұлт зиялыларының мұрасын аман алып қалу ерлікпен пара-пар кадам болатын. Мақсұтбек Майшекин де сол тәуекелге барғандардың бірі. Ол Мағ-

жанның өлеңін еш өзгертпей жариялау мүмкін еместігін жақсы түсінді. Өйткені «Мағжан» деген есім баспа бетінде немесе радио эфирінде айтылса, бұл бірден цензураның қатаң бақылауына ілігетін. Сондықтан ол өз атымен шығарып, өлеңнің өміршен болуына жағдай жасайды.

Ақын Сағи Жиенбаевтың естелігіне сүйенсек, Майшекин бұл әрекетін ешқашан жасырып, өз еңбегі ретінде иеленбеген. Керісінше, үнемі: «Бұл – Мағжанның өлеңі. Ел жадынан өшпесін деп өз атыман жазып тараттым. Уақыты келгенде, ол ақталады, мен өлеңді несіне қайтарамын», – деп айтатын көрінеді. Бұл сөздер оның ниетінің тазалығын, руханият алдындағы жауапкершілігін айқын көрсетеді. Ол өзін автор ретінде емес, тек сақтаушы, аманат иесі ретінде сезінген. Міне, сондықтан Майшекиннің бұл әрекетін кейбіреулер ойлағандай плагиат немесе әдеби «ұрлық» деп қарауға болмайды. Керісінше, бұл – сол уақыттағы рухани батылдықтың, ұлттық санаға деген адалдықтың, әдеби мұраға деген құрметтің айғағы.

Бүгінгі күні біз «Бәрінен де сен сұлу» әнін тыңдағанда, ол тек ғашықтық сезімнің әуені емес, қазақ халқының рухани беріктігінің, өнерге деген адалдығы мен ұлт жадын сақтап қалуға деген талпынысының көрінісі екенін ұғынамыз. Бұл ән – үш тұлғаның тағдырын тоғыстырған, бір дәуірдің үнін жеткізген рухани мұра. Мағжанның сөзі – ұлттың асқақ поэзиясы, Шәмшінің әуені – мәңгілік сезімнің сазы, ал Майшекиннің азаматтығы – руханият алдындағы адалдықтың үлгісі. Үшеуінің еңбегі бір-бірін толықтырып, қазақ мәдениетінде өшпес із қалдырды. Уақыттың қатал сыны мен идеологиялық шектеулерге қарамастан, бұл ән

халық жүрегінде өмір сүріп, ел есінде сақталып қалды. Бұл – тыйым салынған есімнің ұлт санасында қайта жаңғырып, әділеттің түбінде орнайтынының айғағы. Мағжан тірісінде ақталмаса да, оның жыры ақталды. Оның өлеңі әнге айналып, жаңа тыныс алып, жаңа ұрпаққа жетті. Осылайша, өлең арқылы ақынның аты да, рухы да мәңгілікке жол тартты.

«Әнім сен едің»...

Сол секілді «Әнім сен едің» әнінің да өз тарихы бар. Әннің қалай туғаны туралы Тұманбай Молдағалиевтің өзі естелік қалдырған. Ақынның айтуынша, оқиға Алматыдағы Құрманғазы көшесі мен сол кездегі Коммунист даңғылы қиылысындағы үйінде болған. Бір күні Шәмші Қалдаяқов ақынның үйіне келіп, пианиноға отырып жаңа әуенін ойнай бастайды. Мұңға толы, бірақ әсем саз ақынды бірден баурап алады. Ол Шәмшіден жаңа туындының не жайында екенін сұрайды. Сонда композитор бір-бірін сүйгенімен, тағдырлары тоғыспаған екі жастың оқиғасын айтады. Шәмшінің ойынша, бұл сүйген қызы басқа жігітке тұрмысқа шығып кеткен адамның өкінішін жеткізетін ән болуы керек еді.

Осы бірнеше ауыз сөз Тұманбайға өлеңнің бүкіл мазмұнын табуға жеткілікті болды. Ақын бірден қағаз бен қаламын алып, Шәмшінің әуеніне сөз жаза бастайды. Осылайша сүйгеніне жете алмаған жігіттің жан күйзелісі өлең жолдарына айналады. Лирикалық кейіпкер бала кезінен бірге өскен, бір кездері бақытым деп білген жанға сыр шертеді. Әннің бүкіл мазмұнын бір ғана бейнеге сыйғызған ең әсерлі жолдардың бірі де осы кезде туады: «Шамын басқа үйдің жақтың, аяулым...». Кейін композитор ақынның қолын қысып, дәл осы тармақта ерекше сыр жатқанын айтқан.

Ән мәтіні дайын болған соң Шәмші қағазға қарап отырып, жаңа сөздерді пианиноға қосып орындай бастайды. Артынша оған Тұманбай қосылады. Біраздан кейін ақынның жары Күлтай да бірге ән салады. Тұманбай бұл сәтті: «Сөйтіп арманына жете алмай өкініш күйін кешкен жігіттің ішкі зарын сыртқа шығардық», – деп еске алады.

Арада қанша жыл өтсе де, «Әнім сен едің» тыңдарманын жоғалтқан жоқ. Ән бүгін де түрлі буын өкілдерінің орындауында шырқалып келеді. Оның өміршеңдігінің бір сыры да қарапайым адам сезімінің сүйіспеншіліктің, айырылысудың, сағыныш пен орындалмаған арманның шынайы берілуінде болса керек.

Есбол АСЫЛБЕКОВ

Атаулы күн

СПОРТ КҮНІНЕ ОРАЙ ЧЕМПИОНДАРҒА ПӘТЕР КІЛТТЕРІ ТАБЫСТАЛДЫ

Елімізде жыл сайын тамыз айының әрбір үшінші жексенбісінде «Спорт күні» мерекесі атап өтіледі. Осыған орай, Түркістан облысында Спорт күніне арналған салтанатты іс-шара ұйымдастырылды. Мерекелік жиынға өңірдің спорт саласының ардагерлері, жаттықтырушылар, спортшылар, дене шынықтыру саласының мамандары және спорт жанашырлары қатысты. Іс-шара барысында облыс әкімі Нұралхан Көшеров жұртшылықты Спорт күнімен құттықтап, өңірде бұқаралық және кәсіби спортты дамыту бағытында атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды.



Салтанатты жиында облыс басшысы Нұралхан Көшеров өңірде спорт саласының дамуына елеулі үлес қосып, байрақты додаларда көш бастап жүрген бір топ азаматты Алғыс хаттармен марапаттады. Сонымен бірге «Құрметті спорт қызметкері» төсбелгісі мен «Еңбек ардагері» медальдарын тапсырды. Сондай-ақ Токиода өткен XXV жазғы Сурдлимпиадалық ойындарының жеңімпаздарына 2 және 3 бөлмелі пәтер кілттерін табыстап, еркін күрестен жасөспірімдер

арасында Әлем чемпионатының жүлдегерлеріне қаржылай сыйақылар табыс етті. Іс-шара аясында арнайы көрме ұйымдастырылып, онда өңір спортшыларының жетістіктері, жеңістері мен спорт саласындағы маңызды жобалар таныстырылды. Салтанатты шара мерекелік концерттік бағдарламамен жалғасты. Облыс өнерпаздары қойылымдар қойып, патриоттық әндер орындады.

2026 жылғы 7 айдың қорытындысымен облыс спортшыла-

ры 876 медаль жеңіп алды. Нақтырақ айтқанда, Әлем чемпионаттарында 15 медаль, Азия чемпионаттарында 66, Қазақстан Республикасының чемпионаттарында 795 медаль қанжығаланды. Одан бөлек, облыс спортшылары ел намысын әлемдік және құрлықтық деңгейдегі ірі жарыстарда қорғау үшін 60 лицензия жеңіп алды. Атап айтқанда, Жапонияның Айти – Нагоя қаласында өтетін XX Азия ойындарына 35 спортшы, Пара Азия ойындарына 5 спортшы және Қырғыз-

станның Бішкек қаласында өтетін VI Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына 20 спортшы қатысады.

Бүгінде облыста 493 мемлекеттік және жеке спорт ұйымы жұмыс істейді. Бұл мекемелерде 89 мыңнан астам спортшы спорттың 62 түрімен тұрақты түрде айналысады. Ал дене шынықтырумен тұрақты шұғылданатын тұрғындар саны 866 мың адамнан асып, 43,4 пайызға жетті.

Спорттық инфрақұрылымды дамыту бойынша да нақты жұмыстар жүргізілуде. Қазіргі таң-

да облыста 3 595 спорт нысаны бар. Биыл 62 спорт нысанының құрылысын аяқтау жоспарланған. Оның ішінде спорт кешендері, спорт залдары, футбол манеждері, спорт алаңдары және стрит-воркаут алаңдары бар. Түркістан облысында спортқа айрықша мән беріліп, спорттық инфрақұрылымды дамыту, балалар мен жасөспірімдерді спортқа тарту, спортты қолдау бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жүргізіліп келеді. Алдағы уақытта да аталған шаралар өз жалғасын табатын болады.

ТҮРКІСТАН ТУРИЗММЕН ТЫНЫСТАЙТЫН УАҚЫТ КЕЛЕ ЖАТЫР

Түркістанда ауыл туризміне жаңа серпін беріліп, тарихи мұра мен табиғи көрікті жерлерді туристер үшін тартымды нысандарға айналдыруға басымдық берілуде. Өңірде ауылдық жерлердің табиғи, тарихи және мәдени әлеуетін экономикалық мүмкіндікке айналдыру бағытында нақты жобалар қолға алынған. Бұл бағыттағы жұмыстар облыс әкімі Нұралхан Көшеровтің жіті бақылауында.

Түркістан – тарихы терең, табиғаты көркем, туристік мүмкіндігі мол өңір. Бір аумақта көне қалалар мен тарихи кесенелер орналасса, енді бірінде таулар мен шатқалдар, өзендер мен көрікті ауылдар бар. Осы әлеуетті тиімді пайдалану арқылы туризмді өңір экономикасының маңызды драйверлерінің біріне айналдыру көзделіп отыр.

Қазіргі таңда облыс әкімдігі отандық инвесторлармен бірлесіп, бірқатар жобаны пысықтауда. Өңір басшысының ұстанымы – ауылдың дамуын тек инфрақұрылым тартумен шектемеу. Ауылдың табиғаты, тарихы, қолөнері, ұлттық тағамы мен өзіндік өмір салтының өзі туристік өнімге айналуы тиіс.

Облыс әкімі оңтүстіктен шыққан кәсіпкерлерді, туған жерінің дамуына жанышыр инвестициялық мүмкіндігі бар азаматтарды осы іске белсенді атсалысуға шақырады. Өйткені ауылдың туристік әлеуетін ашу – жаңа демалыс орындарын қалыптастырып қана қоймай, жергілікті халыққа табыс табуға мүмкіндік береді.

Басты мақсат – туристің өңірге келіп, бір нысанды көріп қайтуымен шектелмей, бірнеше күн аялдауына жағдай жасау. Ол үшін қонақ үйлер, визит-орталықтар, қоғамдық тамақтану орындары, этноауылдар, демалыс орындары, мәдени және білім беру кеңістіктері қатар дамуы қажет. Осылайша Түркістан облысында туризмнің жаңа моделі қалыптасып келеді. Оның өзегінде – тарихы терең Түркістан, табиғаты сұлу ауыл тұр. Енді өңірге инвестиция салуға дайын кәсіпкерлер керек.

– Түркістан облысы – тарихы терең, рухани мұрасы бай, табиғи әлеуеті жоғары және туризмді дамытудың мүмкіндігі мол өңір. Бүгінде облыста туризмді жаңа деңгейге көтеру, туристік инфрақұрылымды дамыту, инвестиция тарту және жергілікті тұрғындар үшін жаңа жұмыс орындарын ашу бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Біз туризмді тек туристер санын арттыру бағыты ретінде емес, өңір экономикасының маңызды драйверлерінің бірі ретінде қарастырамыз. Себебі туризм дамыса, қонақ үй, тамақтану, көлік, сауда, қызмет көрсету, қолөнер секілді көптеген сала қатар дамиды. Сондықтан бұл бағыттағы жұмысты мемлекеттік органдардың ғана міндеті деп қарамаймыз. Жеке кәсіпкерлердің, инвесторлардың, қоғамдық және қайырымдылық ұйымдардың белсенді қатысуы өңірге жаңа серпін береді, – деді Нұралхан Көшеров.

Өңірде туризмді дамыту жаңа нысандар салумен ғана шектеліп отырған жоқ. Тарихи нысандарға жаңа көзқарас қалыптасып, тарихи-мәдени мұраны сақтауға көңіл бөлініп қана қоймай, оны заманауи туристік өнімге айналдыруға да басымдық берілуде. Туризм саласында тәжірибесі бар «Pana Asia» ЖШС Түркістан облысында бірнеше жобаны жүзеге асыру мүмкіндігін қарастырып отыр. Компанияның өңірдегі бастамалары тарихи-мәдени мұраны жаңғырту,

табиғи аумақтарды туристік айналымға енгізу және заманауи туристік инфрақұрылым қалыптастыруды қамтиды.

Соның ішінде Ақмешіт – Ишан базар тарихи-архитектуралық кешенін «мешіт – музей – кітапхана – мәдени-ағартушылық орталық» үлгісіндегі заманауи рухани-мәдени кеңістікке айналдыру ұсынылып отыр. Ал Шаяндағы Аппак Ишан медресесін медресе, кітапхана, музей және зерттеу орталығын біріктіретін білім мен руханият ордасы ретінде дамыту көзделуде. Бұл нысандарды бір туристік бағытқа біріктіру арқылы Түркістан облысының рухани және білім беру туризмінің жаңа бағытын қалыптастыруға мүмкіндік бар.

Өңірде тау туризмін дамытуға да ерекше мән берілуде. Қасқасу мен Сайрам-Өгем бағыттарында туристерге қажетті инфрақұрылымды қалыптастыруға арналған жобалар пысықталуда. Қасқасу аумағында заманауи визит-орталық, этно-кофейня, демалыс аймағы және автотұрақтан тұратын кешен құру ұсынылған. Сайрам-Өгемде де туристер үшін ақпараттық және сервистік орталық құру көзделіп отыр. Мұнда этно-кофейня, демалыс аймағы мен автотұрақ қарастырылған.

Мұндай нысандар туристер үшін жай ғана аялдама емес, табиғатпен таныстыратын, жергілікті мәдениет пен гастрономияны насихаттайтын «туризм қақпасына» айналмақ.

Облыстың басты артықшылығы – табиғи және тарихи ресурстардың бір өңірде тоғысуы. Сондықтан да тарихи-табиғи тартымды өңірде біртұтас туристік экожүйе қалыптастыруға күш салынбақшы. Яғни турист Түркістан қаласынан шығып, Отырар, Сайрам-Өгем, Қасқасу, Төлеби, Кентау және басқа да бағыттарға саяхаттай алатындай бірыңғай туристік маршруттар мен сапалы сервис қалыптастыру көзделуде.

Отырарда туристік визит-орталық, кітапхана, қонақ үй және глэмпингтерді қамтитын кешен құру жобасы қарастырылуда. Бұл бастама туристердің Отырарда болу уақытын ұзартып, тарихи-археологиялық туризмді дамытуға мүмкіндік береді. Кентау маңындағы Хантау аумағында да туристік жобаны іске асыру жоспарланып отыр. Негізгі мақсат – табиғи аумақты отбасылық және белсенді демалысқа бейімдеп, жаңа туристік бағыт қалыптастыру.

Туризмнің экономикалық әсерін ауылдық жерлерге дейін жеткізу – өңірдегі басты міндеттердің бірі. Ауылда қонақ үй ашылса – жаңа жұмыс орны пайда болады. Турист жергілікті асханадан тамақтанса – ауыл кәсіпкерінің табысы артады. Қолөнершінің бұйымын сатып алса – ұлттық өнерге қолдау көрсетіледі. Ал ауылдың табиғаты туристік маршрутқа енсе, жергілікті тұрғындар үшін жаңа кәсіп бастауға мүмкіндік туады.

Сондықтан Түркістан облысында туризмді дамыту – тек турист қабылдайтын нысандар салу емес. Бұл – ауылды дамыту, жергілікті кәсіпкерлікті қолдау, жаңа жұмыс орындарын ашу, тарихи-мәдени мұраны сақтау және өңір тұрғындарының табысын арттырудың тиімді тетігі.

Түркістанның туристік әлеуеті – тек тарихи қалаларында емес, әр ауылдың табиғатында, мәдениетінде, тарихы мен дәстүрінде. Ендігі міндет – осы байлықты сақтай отырып, оны жаңа туристік мүмкіндіктерге айналдыру.

Дереккөз: Түркістан облысы әкімінің баспасөз қызметі

ҒАРЫШТАН КЕЛГЕН МЕТАЛЛ НЕМЕСЕ ИСПАН ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ҚЫЗЫҚ ҚҰПИЯСЫ

Ежелгі шеберлер аспанды бақылап, жерге түскен метеориттерді жинап, олардан әшекей бұйымдар соққанын білесіз бе? Осыдан алпыс жылдан астам уақыт бұрын, яғни 1963 жылы қазіргі Аликанте провинциясындағы Испанияның Вильена қаласына жақын маңнан қола дәуіріне жататын ғылымда «Вильена қазынасы» деген атаумен белгілі алтын қазына табылды. Оның құрамына алпыстан астам жәдігер кірді. Олардың басым бөлігі аса нәзік өңделген, алтыннан жасалған бұйымдар еді. Бұл бағалы бұйымдар қыш ыдыстардың ішіне жасырылып сақталған.

Осы қазынаның ішінде ұзақ уақыт бойы ғалымдардың назарын аударған бір дүние – тот басқан білезік пен алтын қапсырмалармен безендірілген жарты шар пішінді бас киім еді. Темірден жасалған бұл бұйымдар сол кезеңге қатысты қалыптасқан ғылыми хронологиямен үйлеспеді. Яғни, артефактілер б.з.д. 1400–1200 жылдарға жатқызылатын қола дәуірінің технологиялық деңгейіне сәйкес келмейтін. Себебі Пиреней түбегінде темір дәуірі шамамен б.з.д. 850 жылы ғана, яғни Вильена қазынасы жасалған уақыттан бірнеше ғасырдан кейін басалған. Сондықтан археологтар олардың шығу тегін ондаған жылдар бойы түсінуге тырысты.

Вильена археологиялық музейінің рұқсатын алған Сальвадор Ровира Льюренс жетекшілік еткен зерттеу тобы аталған екі бұйымның микросынамаларын алып, оларды масс-спектрометрия әдісі арқылы талдады. Коррозияның қатты әсер етуі зерттеу



жұмыстарын күрделендіргеніне қарамастан талдау нәтижелері екі бұйымның да метеориттік темірден жасалғанын көрсетті. Метеориттік темір дегеніміз – ғарыштан Жерге түскен темір метеориттердің құрамындағы темір-никель қорытпасы. Яғни бұл – Жерде өндірілген темір емес, ғарышта қалыптасып, метеоритпен бірге біздің планетамызға жеткен металл. Оның жер қойнауынан алынатын темірден айырмашылығы сол, метеориттік темірдің құрамында никель мөлшері едәуір жоғары болады. Дәл осы химиялық ерекшелік ғалымдарға артефактілердің Жерден тыс текті болуы мүмкін деген болжам жасауға негіз болды. Бұл олардың жасалу уақытын қазынадағы өзге жәдігерлермен бір кезеңге – б.з.д. XIV–XII ғасырларға жатқызуға мүмкіндік берді.

Ғалымдар бұл олжалардың Иберия түбегі аумағынан табылған метеориттік темірден жасалған алғашқы расталған бұйымдар екенін атап өтеді. Мұндай жаңалық

қола дәуіріндегі жергілікті шеберлердің металл өңдеу өнері әлдеқайда жоғары деңгейде болғанын көрсетеді. Олар сирек кездесетін әрі ерекше мәртебеге ие, «аспаннан түскен» материалды өңдеудің қыр-сырын меңгерген.

Вильена қазынасы – Еуропадағы метеориттік темірді пайдаланудың ең көне айғақтарының бірі. Зерттеу авторларының бірі Игнасио Монтеро Руис: «Темір сол дәуірде алтын мен күміс секілді аса құнды материал саналды. Бұл жағдайда ол әшекей бұйымдар жасауға және сәндік мақсатта пайдаланылған», – деп атап өткен. Бұл жәдігерлердің сирек кездесетін шикізаттан жасалған мәртебелік заттар болғанын аңғартады. Бұл жаңалық Испания аумағынан табылған метеориттік темірден жасалған алғашқы расталған бұйымдар ретінде бағаланып отыр. Осылайша Вильена қазынасы ежелгі Мысыр перғауыны Тутанхамонның атақты метеориттік канжары секілді бірегей артефактілер қатарына қосылды.

Вильена қазынасы зергерлік өнердің ғана емес, ғарыштан жеткен жұлдыз тозынан жасалған метеориттік темірден, яғни Жерден тыс текті металдан жасалған теңдессіз туынды ретінде қарастырылады. Зерттеу нәтижелері «Trabajos de Prehistoria» ғылыми журналында жарияланды. Аталған олжа Еуропадағы қола дәуірі зергерлік өнерінің ең маңызды ескерткіштерінің бірі саналады.

Д.ТАУАСАРОВА

КЕБЕЖЕСІ БОС ЕМЕС ҮЙ

Кебеже сырттай қарағанда ағаштан жасалған қарапайым сандыққа ұқсайтын тұрмыстық бұйым сияқты көрінуі мүмкін. Алайда оның ішкі мазмұны мен тарихи қызметіне үңілген сайын, оның қазақ отбасының берекесін сақтаған, ұрпақ сабақтастығын жалғастырған, ұлттық өнердің көркем үлгісіне айналған ерекше мұра екендігі айқындала түседі.

Кебеже – жай ғана зат сақтайтын жиһаз емес. Ол – отбасының дәулетін, ананың ақ ниетін, шебердің қолтаңбасын, ұлттық өрнектің сұлулығын, ұрпаққа деген аманатты бойына жинақтаған қасиетті бұйым. Сондықтан да «Сырға толы кебеже» деген тіркес тек заттың ішіне салынған дүниені ғана емес, оның бойына сіңген тарихты, адам тағдырын, халықтың мәдени жадын білдіреді.

Қазақ қоғамында кез келген бұйым белгілі бір қажеттілікті ғана өтеп қоймай, тәрбиелік, эстетикалық және рухани міндет атқарған. Осы тұрғыдан алғанда кебеже – өткен мен бүгінді байланыстыратын үнсіз шежіре.

Кебеже көшпелі өмір салтын ұстанған қазақ халқының тұрмысында ерте заманнан қолданылып келеді. Археологиялық зерттеулер мен этнографиялық еңбектерде ағаштан жасалған тұрмыстық бұйымдардың түркі халықтарының арасында бірнеше ғасыр бойы кең таралғаны айтылады. Қазақ шеберлері табиғатпен етене өмір сүргендіктен, ағаштың қасиетін жақсы таныған. Қайың, қарағаш, терек секілді ағаштарды тандап алып, олардан тұрмысқа қажетті мықты әрі әсем бұйымдар жасаған.

Кебеже негізінен азық-түлік сақтауға арналған. Оның ішінде ұн, тары, құрт, май, ірімшік, жент, қымызға арналған ыдыстар сақталған. Тығыз жабылатын қақпағы азықтың бұзылмауына мүмкіндік берген. Сонымен қатар кейбір отбасыларда бағалы бұйымдар, зергерлік әшекейлер, құжаттар мен естелік заттар да кебежеге салынған.

Көш кезінде кебежені түйеге немесе арбаға тиіп алып жүрген. Оның көлемі көшіп-қонуға ыңғайлы болғанымен, өте берік жасалған. Сондықтан ол бірнеше ұрпақтың өмірінде қолданылып, отбасылық мұраға айналған.

Кебежені жасау – үлкен шеберлікті қажет ететін кәсіп. Әрбір ағаш бөлшегі дәл өлшеніп, бір-бірімен шегесіз қиыстырылған жағдайлар да кездеседі. Қазақ ағаш ұсталары ағаштың табиғи бедерін сақтай отырып, оның сыртын түрлі ою-өрнекпен әсемдеген.

Кебежеге салынған әрбір заттың өзіндік орны болған. Май бөлек, құрт бөлек, дәнді дақылдар бөлек сақталған. Осындай ұқыптылық қазақ әйелдерінің шаруашылық жүргізудегі даналығын көрсетеді.

Кебеженің ішіне тек тағам ғана емес, талай отбасының естелігі де сақталған. Кейбір аналар сәбиінің алғашқы көйлегін, тұсауке-серде киген аяқ киімін, әкесінің домбыра шегін немесе майданнан келген хаттарды кебежеге салып қойған. Уақыт өте келе бұл заттардың материалдық құны азайғанымен, рухани құндылығы арта түсті. Көптеген ауыл үйлерінде әлі күнге дейін атасының кебежесі сақтаулы тұрады. Оның сыртын сипаған сайын ұрпақ өткен күндерді еске алады. Әжесінің қолының табы қалған ағаштың иісі балалық шақты еске түсіреді. Сондықтан кебеже – үнсіз сөйлейтін тарих, инженерлік дәлдік пен көркемдік талғамның үйлескен үлгісі. Қазақ халқы берекелі үйді «кебежесі бос емес үй» деп сипаттаған. Бұл жерде сөз азықтың көптігі ғана емес, шаңырақтың ырысы туралы болып отыр.

Бүгінде тұрмыстық қажеттілік өзгергенімен, кебеже өз маңызын жоғалтқан жоқ. Көптеген дизайнерлер ұлттық нақыштағы интерьер жасағанда кебежені сәндік жиһаз ретінде пайдаланады. Этноауылдарда, мұражайларда, ұлттық мейрамханаларда қойылған кебелер халқымыздың бай мәдениетін танытады.

С.ИСАБЕКОВА,
Шымкент қалалық музейлер бірлестігінің ғылыми қызметкері

ТАБИҒАТ ТЕПЕ-ТЕҢДІГІНЕ ЖАРҒАҚҚАНАТТЫЛАРДЫҢ ҚАНДАЙ ҚАТЫСЫ БАР?

Жарғаққанаттылар (Hymenoptera) – жер бетіндегі ең үлкен және экологиялық маңызы зор жәндіктер отряды. Бұл топқа аралар, құмырсқалар, көкекшілер мен соналар жатады. Қазіргі уақытта олардың 150 мыңнан астам түрі белгілі. Олардың экожүйедегі рөлі мен биологиялық ерекшеліктері ғылым үшін әлі де жұмбаққа толы.



Бұл жәндіктердің басты ерекшелігі – олардың мөлдір, жарғақ тәрізді қос қанатында. Ұшу кезінде алдыңғы және артқы қанаттары арнайы ілмектер арқылы бірігіп, бір тұтас жазықтықты құрайды. Олардың ауыз аппараты кеміруші немесе жалаушы қызметін атқарады. Ал ішіндегі ең дамыған топтардың (мысалы, бал аралары мен құмырсқалардың) орталық жүйке жүйесі өте күрделі. Бұл оларға ұжымдық жұмыс істеуге және өзара ақпарат алмасуға мүмкіндік береді.

Ғалымдарды аталмыш жәндіктердің әлеуметтік құрылымы ерекше қызықтырады. Олардың арасында толық әлеуметтенген (эусоциалды) түрлер көп: мұнда қатаң иерархия орнатылып, колонияның жалғыз патшайым (аналық) басқарады. Сондай-ақ еңбек бөлінісі жақсы дамыған: жұмысшы жәндіктер ұя салады, ұрпақ бағады және азық табады. Бұдан бөлек, олардың тілдесу жүйесі де ерекше – аралар «билеу» арқылы азықтың орнын көрсетсе, құмырсқалар феромондар (химиялық заттар) арқылы хабарласады.

Экожүйенің басты қозғалтқышы болып табылатын жарғаққанаттылардың табиғаттағы және ауыл шаруашылығындағы рөлі

шешуші сипатқа ие. Біріншіден, олар – негізгі тозаңдандырушылар. Жер бетіндегі гүлді өсімдіктер мен ауыл шаруашылығы дақылдарының басым бөлігі осы жәндіктердің арқасында өнім береді. Екіншіден, бұл отрядтың көптеген түрлері (мысалы, шала жансар соналар мен көкекшілер) – табиғи реттегіштер. Олар ауыл шаруашылығы зиянкестерінің дернәсілдеріне жұмыртқа салып, олардың жаппай көбейіп кетуін тежейді, бұл химиялық улағыштардың орнына биологиялық қорғаныс әдісін қолдануға жол ашады.

Жарғаққанаттылар – жай ғана жәндіктер емес, биосфераның тұрақтылығын ұстап тұрған маңызды буын. Қазіргі уақытта климаттың өзгеруі мен пестицидтерді көп қолдану олардың популяциясына қауіп төндіруде. Сондықтан бұл жәндіктерді зерттеу және қорғау – адамзаттың болашақ азық-түлік қауіпсіздігінің кепілі.

Е.ЖАҚСЫБАЙ,
«Сырдария –Түркістан мемлекеттік өңірлік табиғи паркі» КММ-нің энтомолог маманы

ХАБАРЛАНДЫРУ

Шымкент қаласының №1 олимпиадалық резервтегі мамандандырылған балалар-жасөспірімдер спорт мектебі» КММ үшін «Қоршаған ортаны қорғау» (КОК) бөлімі бойынша қоғамдық тыңдауларды жария талқылау түрінде өткізетінін хабарлайды.

Жобалық құжаттама материалдары www.ndbecology.gov.kz порталында қол жетімді болады, ескертулер мен ұсыныстар **28.08.2026 ж.** бастап 5 жұмыс күні ішінде қабылданады, ecosentre2018@mail.ru, тел.: +7/700/423-29-82.

Тапсырыс беруші: Шымкент қаласының дене шынықтыру және спорт басқармасының «Шымкент қаласының №1 олимпиадалық резервтегі мамандандырылған балалар-жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, мекенжайы: Шымкент қаласы, Қалдаяқов көшесі, 2/7., тел.: +7 775 104 5777.

Жобалаушы: «KazEcoHolding» ғылыми зерттеулер және экологиялық сараптама орталығы» ЖШС, мекен-жайы: Шымкент қаласы, Абай ауданы, Мәңгіелдин көшесі, 37-үй, 38-пәтер., e-mail: ecosentre2018@mail.ru, тел.: +7/700/423-29-82.

ЖАО - "Шымкент қаласының жайлы қалалық ортаны дамыту басқармасы" ММ, мекен-жайы: Шымкент қ., Тауке хан даңғылы, 6, e-mail: g.ermekbaeva@shymkent.gov.kz, тел.: 8 (7252) 53-65-49.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Коммунальное государственное учреждение «Шымкентская городская специализированная детско-юношеская спортивная школа олимпийского резерва №1» сообщает о проведении общественных слушаний в форме публичного обсуждения по разделу «Охрана окружающей среды» (ООС).

Проектная документация доступно на портале www.ndbecology.gov.kz, замечания и предложения принимаются с **28.08.2026 г.** в течение 5-ти рабочих дней, ecosentre2018@mail.ru, тел.: +7/700/423-29-82.

Заказчик Коммунальное государственное учреждение «Шымкентская городская специализированная детско-юношеская спортивная школа олимпийского резерва №1» управления физической культуры и спорта города Шымкент, адрес: г. Шымкент, ул. Калдаякова, 2/7, тел.: +7 775 104 5777.

Разработчик: ТОО «Центр научных исследований и экологической экспертизы "KazEcoHolding"», адрес: г. Шымкент, район Абайский, ул. Мангельдина, дом 37, квартира 38, e-mail: ecosentre2018@mail.ru, тел.: +7/700/423-29-82.

МИО - ГУ: «Управление развития комфортной городской среды города Шымкент», адрес: г. Шымкент, Проспект Тауке хана, 6, e-mail: g.ermekbaeva@shymkent.gov.kz, тел.: 8 (7252) 53-65-49.

Маңызды 5 кеңес

ИНТЕРНЕТТЕГІ ЖЕКЕ ДЕРЕКТЕРДІ ҚАЛАЙ ҚОРҒАУҒА БОЛАДЫ?

Интернеттегі алаяқтықтың түрі көбейген сайын жеке деректердің қауіпсіздігі де маңызды мәселеге айналып отыр. Электронды пошта, банк қосымшалары, әлеуметтік желілер мен смартфондағы жеке ақпарат киберқылмыскерлердің нысанасына айналуы мүмкін.



Lifehacker мәліметінше, қарапайым бірнеше ережені сақтау арқылы деректерді қорғап, қаржылық шығынның алдын алуға болады.

1. ЕКІ ФАКТОРЛЫ АУТЕНТИФИКАЦИЯНЫ ҚОСЫҢЫЗ

Тек құпиясөзге сену бүгінде жеткіліксіз. Себебі қандай күрделі құпиясөз қолдансаңыз да, ол деректердің таралуы немесе фишинг арқылы бөгде адамдардың қолына түсуі мүмкін.

Екі факторлы аутентификация қосылған кезде аккаунтқа кіру үшін құпиясөзден бөлек қосымша растау қажет болады. Бұл бір реттік код, арнайы аутентификатор қосымшасы немесе басқа қауіпсіз әдіс болуы мүмкін.

Сондықтан электронды пошта, әлеуметтік желілер, мессенджерлер және банкке қатысты аккаунттардың барлығында бұл функцияны қосқан дұрыс.

2. ӘР АККАУНТҚА ЖЕКЕ ҚҰПИЯСӨЗ ҚОЛДАНЫҢЫЗ

Бір құпиясөзді бірнеше жерде пайдалану – жиі кездесетін қателіктің бірі. Егер сол құпиясөздердің бірі тарап кетсе, алаяқтар оны басқа аккаунттарға кіру үшін де қолданып көруі мүмкін.

Сондықтан маңызды сервистердің әрқайсысына бөлек әрі күрделі құпиясөз орнатқан жөн. Оларды есте сақтау қиын болса, арнайы құпиясөз менеджерлерін пайдалануға болады.

3. КҮМӘНДІ СІЛТЕМЕЛЕРГЕ ӨТПЕҢІЗ

Алаяқтар көбіне адамның назарын ауда-

ру үшін жалған хабарламалар жібереді. Мысалы, банк қызметкері, мемлекеттік орган, курьерлік қызмет немесе танысыңыз ретінде жазып, сілтемеге өтуді сұрауы мүмкін.

Мұндай жағдайда хабарламадағы сілтемені бірден ашпай, ақпаратты ресми сайттан тексерген дұрыс. Банк қызметкері болып қоңырау шалған адамға құпиясөз, SMS-код немесе карта деректерін айтпаңыз.

4. ҚОСЫМШАЛАРДЫҢ РҰҚСАТТАРЫН ТЕКСЕРІҢІЗ

Телефонға орнатылған әрбір қосымша белгілі бір ақпаратқа қол жеткізуді сұрайды. Бірақ калькуляторға контактілер тізіміне, ал қарапайым ойынға геолокацияға рұқсат берудің қажеті жоқ.

Сондықтан смартфондағы қосымшалардың қандай мәліметтерге қол жеткізе алатынын мезгіл-мезгіл тексеріп тұрыңыз. Қажет емес рұқсаттарды өшіріп, қолданбайтын бағдарламаларды жойған дұрыс.

5. ЖЕКЕ АҚПАРАТТЫ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІДЕ ШАМАДАН ТЫС ЖАРИЯЛАМАҢЫЗ

Адамдар кейде өздері туралы маңызды ақпаратты байқамай ашық жариялап қояды. Туған күн, мекенжай, телефон нөмірі, құжаттар, сапар туралы нақты ақпарат немесе отбасы мүшелеріне қатысты деректер алаяқтардың қолына түсуі мүмкін.

Сондықтан әлеуметтік желіге қандай ақпарат жариялап жатқаныңызға мән беріңіз. Жеке парақшалардың құпиялылық баптауларын тексеріп, жазбаларды кім көре алатынын шектеген жөн.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Astana Skyline» ЖШС «Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Қараменді би Шақаұлы мен С189 көшелерінің қиылысында орналасқан кірістірілген үй-жайлары мен автотұрағы бар көппәтерлі тұрғын үй кешені (жобалық атауы)» жұмыс жобасының «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша қоғамдық талқылау түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды. «Astana Skyline» ЖШС-нің мекенжайы: Астана қ., Алматы ауданы, «Ақ-Бұлақ» тұрғын үй алабы, Асқар Токпанов көшесі, 33 ғимарат, 303/1, тел.: +7(775)3604392, БСН 250640026114, e-mail: astanaskyline26@gmail.com. Жобалық құжаттама пакетімен танысу және барлық ескертулер мен ұсыныстар ndbecology.gov.kz ақпараттық жүйесінде 31 тамыз бен 4 қыркүйек (қоса алғанда) аралығында мүмкін болады. Қосымша ақпаратты: +7(702)2309090 телефоны бойынша алуға болады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Astana Skyline» сообщает о том что, состоятся общественные слушания в форме публичных обсуждений по разделу «Охрана окружающей среды» к рабочему проекту «Многоквартирный жилой комплекс со встроенными помещениями и паркингом», расположенный по адресу: город Астана, район «Сарыарқа», район пересечения улиц Караменди би Шақаұлы и С189 (проектные наименования). Адрес ТОО «Astana Skyline»: г. Астана, район Алматы, Жилой массив Ақ-Бұлақ, улица Асқар Токпанов, здание 33, 303/1, тел.: +7(775)3604392, БИН 250640026114, e-mail: astanaskyline26@gmail.com. С пакетом проектной документации можно ознакомиться, а также оставить замечания и/или предложения будет возможно в срок с 31 августа по 4 сентября (включительно) на информационной системе ndbecology.gov.kz. Дополнительную информацию можно получить по телефону: +7(702)2309090.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Шетелдік рұқсат бланктерінің жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын (ТОО «SAMIR TRANS LOGISTIK» БИН: 220840048444 Россия N 0296850).

Редакция мекен-жайы: Шымкент қаласы, Ақпан батыр көшесі, 7. E-mail: kyzmet_kz@mail.ru



Меншік иесі:
«Қызмет Газеті» ЖШС

Директор:
Бейсенкүл НАРЫМБЕТОВА

Бас редактор:
Мақпал ҚҰРБАНҚЫЗЫ
Тілші:
Сейдалы ДҮЙСЕБАЙҰЛЫ
Әлия ӘУЕСБЕКОВА
Тарату бөлімі:
Дина ХАЙМЕТОВА
+7771 66 88 765,
+7775 650 27 75

Газет 2009 жылдың
29 мамырында ҚР
Мәдениет және
ақпарат
министрлігінде
тіркеліп, мерзімді
баспасөз
басылымдарын есепке
алу туралы №10166-Г
куәлігі берілген.

Редакция авторлар мақаласына, жарнама мазмұнына жауап бермейді. Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды. «Қызмет» газетінде жарияланған материалдар мен суреттерді көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Газетте жарияланған жарнама мәтіні мен сапасына редакция жауап бермейді. Газеттің кейбір материалдары мен суреттері интернет желісінен алынған.

Газет
жұма күндері шығады
Газет «M-press» ЖШС
Баспа үйінде басылды.
Шымкент қаласы,
А.Байтұрсынов к-сі, 18-үй
Таралымы 3100 дана.
Тапсырыс